

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 5 мамырдағы № 4 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және Әуликөл аудандық жер учаскелерін беру жөніндегі комиссиясының 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 8 отырысының хаттамасынан үзінді көшірме негізінде Диев ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына Диев ауылдық округі, Диев ауылы Абай көшесі, Мира көшесі аумағында орналасқан 10 жыл мерзімге "Қостанай облысы 2024 жылы B2G сегменті үшін ТОВЖ құрылысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін және телефон кәрізін төсеу және пайдалану үшін одан әрі мемлекеттік тіркеуші органда тіркеу үшін ауданы 0,1753 га, ұзындығы 878,74 метр, ені 2 метр жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Диев ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберу;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Диев ауылдық округінің әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М. Досмурзин